



http://abaiqiqat.kz



www.facebook.com/abaiqiqat



abai\_aqiqat.kz



barshin-js@mail.ru

## Құрметті жерлестер!

Бүгін, көктемнің алғашқы күнінде, біз ерекше мерекені – Алғыс айту күні мерекесін атап өтеміз. Бұл мереке мейірімділік, өзара құрмет пен алғыс білдірудің символына айналды. Бұл мереке біздің тарихымыздың рухын бейнелейді – қиындықтарға қарамастан, адамгершілік жылуын, қонақжайлықты сақтап, қиын жағдайда қалғандарға қол ұшын беруге дайын болған ұрпақтардың рухын көрсетеді.

Алғыс айту күні бізге «рахмет» сөзінің күшін еске салады – бұл сөз адамдарды біріктіріп, сенімді нығайтып, қоғамымызды біртұтас етеді. Бұл тек формальдылық емес, әрбір үлестің – мейірімді іс, көршіңе көмек, басқа адамға құрметпен қарау – отбасыда, ауданымызда, елімізде бейбітшілік пен келісім атмосферасын қалыптастыратынын мойындау.

Біз әрбір аудан тұрғынына әлеуметтік-экономикалық дамуға қосқан үлесі, қоғам өміріне белсенді қатысуы және көмектесуге дайын болу үшін алғысымызды білдіреміз. Сіздің адал еңбегіңіз, ізгі істеріңіз және адамдарға деген қамқорлығыңыз ауданымызды мықты әрі дамыған етеді.

Бұл мерекелік күні баршаңызға тыныш аспан, мықты денсаулық, бақ-береке және жүректіңізге сарқылмас алғыс тілейміз! Ізгі қарым-қатынас, өзара құрмет және бір-бірімізге қамқорлық жасау тек сөзбен емес, әрқайсымыздың ісімізге айналсын.

Құрметпен,  
Сәбит ОСПАНОВ,  
Абай ауданының әкімі

Данияр СӘКЕНОВ,  
Аудандық мәслихаттың  
хатшысы

## Дорогие земляки!

Сегодня, в первый день весны, мы отмечаем особенный праздник – День благодарности, который стал символом доброты, взаимного уважения и признательности. Этот светлый день отражает дух нашей истории – поколений, которые, несмотря на испытания, сумели сохранить человеческое тепло, гостеприимство и готовность поддержать тех, кто оказался в трудной жизненной ситуации.

День благодарности напоминает нам о силе слова «спасибо» – слова, которое объединяет людей, укрепляет доверие и сплачивает общество. Это не просто формальность, а искреннее признание того, что каждый вклад – будь то добрый поступок, помощь соседу или уважительное отношение к окружающим – создаёт атмосферу мира и согласия в семье, в районе, в стране.

Мы благодарны каждому жителю района за вклад в социально-экономическое развитие, за активную жизненную позицию и готовность прийти на помощь. Ваши добросовестный труд, добрые дела и внимательное отношение к людям делают наш район сильнее и успешнее.

В этот праздничный день желаем всем мирного неба, крепкого здоровья, благополучия и тепла в сердцах! Пусть добрые отношения, взаимное уважение и забота друг о друге станут не только словами, но и ежедневной нормой нашей жизни.

С уважением,  
Сәбит ОСПАНОВ,  
әкім Абайского района

Данияр САКЕНОВ,  
Председатель районного  
маслихата

## РЕФЕРЕНДУМ

# Аудан тұрғындары конституциялық реформаның мәнін жан-жақты талқылады



2026 жылдың 23-27 ақпанға дейін ауданымыздың әрбір ауылдық және қалалық жерінде конституциялық реформаны түсіндіруге бағытталған бірқатар маңызды кездесулер өтті. Бұл шаралардың мақсаты – тұрғындарға ел Конституциясының жанару жолдары мен олардың қоғам өміріндегі ролін жан-жақты жеткізу болды.

23 ақпан күні аудандық штаб қызметкерлері Көксу ауылында тұратын 60 тұрғынмен кездесіп, реформаның негізгі бағыттарын түсіндірді. Кездесу барысында жергілікті тұрғындардың сұрақтарына нақты жауаптар беріліп, заңнамалық жаңалықтардың күнделікті өмірге ықпалы талқыланды. Сол күні аудандық мәдениет үйінің үлкен залында тағы 200 тұрғын қатысқан кең ауқымды түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылды.

24 ақпан күні «Шанс» ШҚ еңбек ұжымымен және Юбилейное ауылында 30 тұрғынмен акт залында кездесу өтті. Кездесулер барысында Конституциялық реформа жайлы терең талқылаулар жүргізіліп, тұрғындар өз пікірлерін ашық білдірді. Сондай-ақ, көпқабатты үйлердің белсенді тұрғындары мен Мүлік иелерінің бірлестігі мен жәй серіктестік төрағаларымен арнайы кездесу ұйымдастырылып, жаңа Конституция жобасының қоғам

өміріндегі маңызы түсіндірілді. 25 ақпан мен 27 ақпан аралығында Самарка, Есенгелді ауылдарында және Южный кенті тұрғындар мен білім беру ұйымдарының ұжымдарымен кездесулер өткізілді. Мектептер мен колледж студенттері қатысқан кездесулерде «Конституциялық реформа – мемлекеттің әрі қарай дамуының қадамы» тақырыбында кең көлемді пікір алмасулар ұйымдастырылды. Еңбек ұжымдарына арналған кездесулерде реформаның әлеуметтік және құқықтық салаларына қатысты маңызды мәліметтер ұсынылды.

26 ақпан күні Абай колпалы студенттері мен «Конституциялық реформа қоғамның сұранысын қалай көрсетеді?» тақырыбында интерактивті сабақ өткізілді. Сол күні «Қазақтелеком» АҚ қызметкерлерімен де арнайы кездесу болып, реформаның кәсіптік саладағы ықпалы туралы әңгімелер

жүргізілді. Шаралардың барлығы мұқият ұйымдастырылып, әрбір қатысушыға қажетті ақпарат жеткізілді. Ұйымдастыру комитетінің құрамына кірген мамандар – залды дайындаудан бастап, қатысушылардың келуін қамтамасыз ету, фото және видео түсірілім жасауға дейінгі барлық жұмыстарды абыроймен атқарды. Әр кездесудің нәтижесінде тұрғындар арасында Конституциялық реформаның мәні мен маңыздылығы туралы түсінік артты.

Осы аптадағы кездесулер көрсеткендей, ауданымыздың әрбір тұрғыны өз елінің заңнамалық жаңалықтарына қызығушылық танытып, белсенді азаматтық ұстаным көрсетуде. Аудандық штаб қызметкерлері мен жауапты тұлғалардың ұйымдастырушылық еңбегі арқасында бұл шаралар үлкен табыспен аяқталды.

Меруерт БАЛКЕЕВА



## «Республикалық референдумға қатысу құқығы бар азаматтар тізіміне енгізілуін тексеру туралы»

2026 жылғы 15 наурызға тағайындалған республикалық референдумда дауыс беру күніне 18 жасқа толған Қазақстан Республикасы азаматының қатысуға құқығы бар.

Тізімдерді әкімдіктер нақты дауыс беру учаскесінің аумағындағы тұрғылықты мекенжайыңыз бойынша Сіздің тұрақты тіркелуіңіздің негізінде жасайды. Егер тұрақты тіркелуіңіз болмаса, Сіз референдум тағайындалған сәттен бастап, тиісті жергілікті атқарушы органда дауыс беруші ретінде тіркеле аласыз. Дауыс беру учаскелері тиісті әкімдердің шешімдерімен құрылады және олардың шекаралары бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

2026 жылғы 27 ақпаннан бастап Сізге өз учаскесіңізде республикалық референдумға қатысуға құқылы азаматтардың тізімінен өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі берілетін болады. Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы

## «О проверке включения в список граждан, имеющих право участвовать в республиканском референдуме»

Гражданин Республики Казахстан, достигший на день голосования 18-летнего возраста, имеет право участвовать в республиканском референдуме, назначенном на 15 марта 2026 года.

Списки составляются акиматами на основании Вашей постоянной регистрации по месту жительства на территории конкретного участка для голосования. При отсутствии постоянной регистрации Вы вправе зарегистрироваться в качестве голосующего в соответствующем местном исполнительном органе с момента назначения референдума. Участки для голосования создаются решениями соответствующих акимов и их границы публикуются в средствах массовой информации.

С 27 февраля 2026 года на своём участке Вам будет предоставлена возможность проверить данные о себе в списке граждан, имеющих право участвовать в республиканском референдуме.

Важен голос каждого из нас!

Центральная комиссия референдума Республики Казахстан

## Референдум – ел болашағына бастайтын жауапты қадам

15 наурызда елімізде жаңа Конституция жобасы бойынша республикалық референдум өтеді. Бұл – мемлекетіміздің даму бағытын айқындайтын, ел тағдырына тікелей әсер ететін тарихи маңызды зор саяси оқиға. Ата Заңға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар – жай ғана құқықтық түзетулер емес, елдің ертеңіне бағытталған стратегиялық таңдау.

Конституция – мемлекеттің тірегі, құқықтық жүйенің темірқазығы. Сондықтан оған енгізілетін әрбір норма, әрбір бап – халықтың мүддесі мен елдің болашағын айқындайтын маңызды шешім. Осы тұрғыдан алғанда, алдағы референдум – әр азаматтың тағдырлы таңдауы, ел дамуына қосатын өзіндік үлесі.

Аудандық жалпыұлттық коалицияның мүшесі ретінде тұрғындармен бірқатар кездесулер өткіздім. Кездесу барысында жерлестеріміздің жаңа Конституция жобасына деген айрықша қызығушылығы мен жауапкершілігі ерекше әсер қалдырды. Азаматтар ұсынылып отырған өзгерістердің мазмұнына терең үніліп, оның ел өміріне ықпалы туралы сауалдарын қойып, пікірлерін білдірді. Бұл – қоғамның саяси белсенділігі артып, халықтың мемлекет ісіне бейжай қарамайтынын айқын белгісі.

Ұсынылып отырған конституциялық өзгерістер Қазақстан үшін құқықтық жаңғырудың жаңа кезеңін білдіреді. Бұл бастамалар мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге, билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті нығайтуға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау тетіктерін күшейтуге бағытталған. Әсіресе, адам құқығының әділ әрі тиімді қорғалуына басымдық берілуі – Жаңа Қазақстанды құру жолындағы маңызды қадам деп санаймын.

Біз әділетті қоғам қалыптастыруды мақсат етсек, ең алдымен заң үстемдігін орнықтыруымыз қажет. Жаңа Конституция жобасы осы қағидатты нығайтып, елдің құқықтық дамуына тың серпін береді деген сенімдемін. Бұл – мемлекет пен қоғам арасындағы өзара сенімді арттырып, азаматтардың шешім қабылдау үдерісіне қатысу мүмкіндігін кеңейтетін маңызды бетбұрыс.

Референдумға қатысу – әрбір азаматтың конституциялық құқығы ғана емес, ел болашағына деген жауапкершілігінің көрінісі. Сондықтан барша аудан тұрғындарын алдағы саяси науқанда белсенділік танытып, өз таңдауларын жасауға шақырамын. Ел ертеңі – өз қолымызда.

Н. ӘБІШЕВ,  
Абай аудандық мәслихатының депутаты

## Конституция – ел болашағының берік негізі

Конституция – мемлекеттің құқықтық іргетасы, қоғамдық қатынастарды реттейтін негізгі құжат әрі ел дамуының стратегиялық бағдары. Сондықтан оны жаңарту – уақыт талабы ғана емес, болашақ алдындағы үлкен жауапкершілік.

Ұсынылып отырған жаңа конституциялық жоба – еліміздің ұзақ мерзімді дамуына бағыт-бағдар беретін, заман ағымына сай жан-жақты ойластырылған маңызды бастама деп бағалаймын. Бұл құжат қоғамның қазіргі сұранысына жауап беріп қана қоймай, мемлекетіміздің құқықтық жүйесін одан әрі жетілдіруге негіз қалайды.

Енгізілетін өзгерістер тек бүгінгі күннің мәселелерін шешумен шектелмейді. Олар келер ұрпаққа берік құқықтық тұғыр қалыптастыруды, заң үстемдігін нығайтуды және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау тетіктерін жетілдіруді көздейді. Демек, бұл – елдің ертеңіне арналған салмақты әрі стратегиялық шешім.

Осындай маңызды кезеңде қоғамның белсенділігі ерекше мәнге ие. Азаматтардың бұл үдеріске бейжай қарамай, өз пікірін білдіруі, ел тағдырына қатысты таңдау жасауға атсалысуы – демократиялық мәдениеттің айқын көрінісі. Өйткені Жаңа Конституция – тек құқықтық құжат қана емес, ол – мемлекет пен қоғам арасындағы сенім мен жауапкершіліктің айғағы.

Жаңа конституциялық жоба – мәтінге енгізілетін өзгерістер жиынтығы ғана емес, мемлекеттің даму бағытын айқындайтын маңызды қадам. Осы тұрғыдан алғанда, бұл – баршамызға ортақ әрі жауапты таңдау.

Л. ДҮЙСЕНОВА,  
Абай аудандық қоғамдық кеңесінің мүшесі

## О депутатской деятельности Абайского районного маслихата

Минувший 2025 год прошел у депутатов районного маслихата в продуктивной работе по решению социальных вопросов наших избирателей, что отразилось во всем: будь то сессионная деятельность, работа в постоянных комиссиях или проведение публичных слушаний в маслихате. Акцентирование своей деятельности на решении задач, поставленных нашими гражданами, является для депутатов маслихата приоритетным. На сессиях рассмотрены значимые вопросы, как в целом для района, так и для структур, обеспечивающих качественный уровень жизни наших граждан. Конечно, это одни из самых важных вопросов, касающихся бюджетной политики района, внесение изменений и дополнений в бюджеты района и сел и их исполнение. Было уделено внимание вопросам работы предприятий, обеспечивающих нормальную жизнедеятельность населения, это подведение итогов прошедшего отопительного сезона и подготовке к новому. На сессиях рассматривалось развитие промышленности и предпринимательства в районе. Заслушан вопрос обеспечения культурно-массового досуга населения, ведь духовное развитие для человека не менее важно, чем другие вопросы. Перед депутатами с ежегодным отчетом о проделанной работе выступил аким района. Также на сессиях маслихата было рассмотрено достаточно много других имеющих важное значение вопросов.

Было уделено большое внимание работе акимов города Абай, сел, поселков, сельских округов. Все 15 акимов были заслушаны на совместных заседаниях постоянных комиссий маслихата, о том какой вклад они внесли в развитие района, в улуч-

шение уровня жизни населения, проживающего на подведомственных им территориях и что еще важно услышали их видение для дальнейшего развития.

Постоянные комиссии – это более мобильная форма депутатской деятельности. Здесь рассматриваются помимо плановых вопросов, еще и вопросы, на которые надо отреагировать более оперативно. Темы, обсуждаемые депутатами на постоянных комиссиях, касались обеспечения качественного водоснабжением сельчан, работы аварийно-спасательных служб, молодежно-ресурсного центра по развитию молодежного предпринимательства, профилактики правонарушений среди несовершеннолетних, развитию массового спорта, ветеринарной службы и многое другое.

Помимо проведения сессий и заседаний постоянных комиссий есть еще повседневная работа, требующая зачастую оперативных действий, огромных усилий со стороны всех государственных структур. И такой работой мы занимаемся совместно с районным акиматом, государственными учреждениями района и области. Примерами таких результатов, которых мы добились совместными усилиями является передача в госсобственность высоковольтных линий с.Кулаайгыр. Вопрос был не из простых, много лет не решался, но все-таки мы достигли положительного результата. В этом году много внимания было уделено строительству и вводу в эксплуатацию медицинских объектов в ряде сел. Сейчас на нашей совместной повестке дня приведение в надлежащее техническое состояние гидросооружений в сельских округах, ведь это касается в пер-

вую очередь обеспечения безопасности наших людей. Есть еще один из важных вопросов, который мы с акиматом не выпускаем из поля зрения, это изъятие неиспользуемых земель сельскохозяйственного назначения. Работа эта ведется на постоянной основе и будет продолжаться.

У районного маслихата налажен контакт в работе с депутатами областного маслихата. Мы со своей стороны активно участвуем в их рабочих группах, приглашаем их в район, рассматриваем вопросы, решение которых зависит от областного маслихата. Они всегда откликаются на обращения и активно с нами сотрудничают. Такая же положительная динамика взаимодействия у нас сложилась с рядом областных Департаментов и Управлений. Мы часто также обращаемся с письмами и запросами к депутатам Сената и Мажлиса, в республиканские Комитеты, Министерства. С нашей стороны работа проводится разнообразная и даже если не всегда получается получить 100 процентный результат, то все равно подвижки имеются. В таком ключе мы планируем работать и в будущем.

Много вопросов решается, а это значит, что мы поэтапно улучшаем жизнь нашего населения, создаем им более комфортные условия для различных видов деятельности и развития. Это является основной нашей обязанностью и всех без исключения государственных учреждений, и мы стараемся максимально возможными способами их выполнять.

**Д.САКЕНОВ,**  
Председатель Абайского районного маслихата

### Абай ауданында жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару рәсімін тоқтату туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексіне, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 63 бабы 4 тармағына сәйкес, 2026 жылғы 24 ақпандағы жұмыс кешесінің хаттамасы негізінде, Абай ауданының әкімдігі ҚАЗҰЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қарағанды облысы, Абай ауданы, Дубовка ауылдық округі, мекенжайында орналасқан, кадастрлық нөмірі 09-134-070-020, алаңы 224 гектар, алынатын алаңы 150 гектар, шаруа қожалығын жүргізу мақсатында Николай Николаевич Галич жеке меншік құқығында жер учаскесіне қатысты мемлекет мұқтажы үшін

мәжбүрлеп иеліктен шығару рәсімі тоқтатылсын.

2. Осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

3. «Абай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де қажетті шаралар қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**С.ОСПАНОВ,**  
Абай ауданының әкімі

### О прекращении процедуры принудительного отчуждения земельного участка в Абайском районе

В соответствии с Земельным кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», пункта 4 статьи 63 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе», на основании протокола рабочего совещания от 24 февраля 2026 года, акимат Абайского района ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Прекратить процедуру принудительного отчуждения для государственных нужд, в отношении земельного участка, расположенного по адресу: Карагандинская область, Абайский район, Дубовский сельский округ, кадастровый номер 09-134-070-020, с целевым назначением для ведения крестьянского хозяйства, общей площадью 224 га, из них изымаемая 150 га, принадлежащий на праве частной собственности Галич Николай

Николаевичу.

2. Опубликовать в местных средствах массовой информации настоящее постановление в течении трех рабочих дней с момента принятия.

3. Государственному учреждению «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства Абайского района» принять иные необходимые меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

4. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима района.

**С.ОСПАНОВ,**  
аким Абайского района

#### ҚЫЗМЕТТІК БАСПАНА

## Абай қаласында 3 қызметтік пәтерлердің кілті табысталды

ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы Хазіреттің бастамасымен «Зекет және қайырымдылық» қорының «Ел – үлесі пәтерге» жобасы аясында Абай қаласында 3 жана қызметтік баспананың кілті табысталды.

ҚМДБ «Зекет және қайырымдылық» қорының директоры Қайыргалиев Мақсатбек Мақсатұлы Қарағанды өңіріне жұмыс сапары барысында Абай аудандық орталық мешітінің жанынан бой көтерген 3 қызметтік пәтердің ашылу рәсіміне қатысып, өңірдің дін жанашырлары мен демеуші азаматтардың қолдауымен республика бойынша 878-879-880-баспана кілттерін Абай аудандық орталық мешітінің дін қызметкерлеріне табыстады.

Рәсім барысында қор директоры Мақсатбек Мақсатұлы қызметтік пәтерлердің құрылыс жұмыстарының басықасқанды болып, игі іске белсене атсалысқан демеушілерге ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы Хазіреттің атынан алғыс хатты табыстады.

Ігі шараға арнайы қатысқан ҚМДБ-ның Қарағанды облысы бойынша бас имамы Естай қажы Айтуғанұлы «Ел үлесі пәтерге»



жобасын ұйымдастырушыларға және қайырлы іске қолдау көрсеткен дін жанашырларына алғысын білдірді.

Айта кетейік, 2025 - жылдың жаз айында бастау алған құрылыс нысаны үш пәтерден тұрады. Әр пәтер үш бөлмелі болып

жобаланған.

Шара соңында мешіт асханасында ауызашар дастарханы жайылып, «Қош келдің Рамазан!» атты рухани кеш ұйымдастырылды.

ihсан.kz

#### ҚОҒАМ

## Қазақстанда еңбекақы дамыған елдер деңгейіне жақындатылуы керек

Қазақстанның экономикалық саясатының басты басымдықтарының бірі – жалақыны көтеру және азаматтарға қаржылық жеңілдік жасау. Экономика тұрақты өсіп жатса да, білік халықтың әл-ауқатының баяу өсуін мойындайды. Міне, осы айырмашылық Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысының негізгі тақырыбы болды.

Отырыста Премьер-Министр Олжас Бектенов халық табысын арттыру жөніндегі атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндады. Оның айтуынша, қазіргі көрсеткіштер құрылымдық проблеманың бар екенін көрсетеді: азаматтардың табысы экономика өсімінің қарқынына ілесіп алмай отыр. «Қазіргі уақытта Үкімет халық табысын арттыру бойынша кешенді шараларды әзірлеуде. Оған қаржылық, салықтық және басқа да ынталандырушы шаралар кіреді: жалақыны арттыру, лайықты еңбек ақысы бар жұмыс орындарын көбейту, сондай-ақ азаматтарға қаржылық жүктемені азайту», – деді Олжас Бектенов.

Айтылғандай, жалақының жалпы ішкі өнімдегі үлесі 31%-ды құрайды. Орталық Азия үшін бұл жоғары көрсеткіш болса да, дамыған елдерде ол 40%-дан жоғары. Үкімет осы деңгейге орта мерзімде жетуді жоспарлап отыр. Сонымен қатар, жалақының өсу қарқыны бизнестің табыс динамикасынан қалып келеді, ол компаниялардың өз қызметінен және мемлекеттік қолдау шараларынан қалыптасады. Үкімет бағалауы

бойынша, бұл жағдай жүйелі араласуды талап етеді.

2026 жылға Үкіметтің негізгі басымдылығы – халықтың нақты табысын арттыру. Мұны жаңа өндірістер ашу, кәсіпкерлік бастамаларды дамыту және тұрақты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету арқылы жүзеге асыру көзделуде. «Отырыста экономика-ны цифрландыру мәселесіне ерекше назар аударылды. Мемлекет басшысы жариялаған Цифрландыру жылы, Қазақстан халқына Жолдауында көрсетілгендей, барлық салаларда озық технологиялар мен жасанды интеллект енгізу және цифрлық мемлекет құру міндеті қойылды», – деп хабарлады Қазақстан Үкіметі баспасөз қызметі.

Алайда, бұл міндеттердің практикалық іске асырылуы әлі жеткіліксіз екені айтылды. Нақты секторда цифрландыру бастапқы кезеңде тұр, ал салалық мәліметтер базасы толық құрылмаған. Үкімет бағалауынша, бұл еңбек өнімділігін және, салдарынан, қызметкерлердің табысын арттыруға кедергі келтіреді.

Аталған проблемаларды шешу үшін Үкімет әзірлеген «Digital Qazaqstan» стратегиясы енгізілмек. Бұл стратегия барлық цифрлық бастамаларды біртұтас ұлттық бағдарламаға біріктіріп, экономиканың технологиялық трансформациясын жеделдетуге бағытталған. Цифрландыру алдағы жылдары жалақы өсімінің және азаматтардың өмір сапасын арттырудың негізгі факторларының бірі болатыны күтілуде.

Жазира САМАТ

#### ОБЩЕСТВО

## Зарплаты в Казахстане хотят приблизить к уровню развитых стран

Рост зарплат и снижение финансовой нагрузки для граждан выходят на первый план в экономической политике Казахстана. На фоне устойчивого роста экономики власти признают, что благосостояние населения увеличивается более медленными темпами. Именно эта диспропорция стала центральной темой расширения заседания правительства под председательством президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева.

На заседании премьер-министр Олжас Бектенов доложил о проводимой работе по обеспечению роста доходов населения. По его словам, текущие показатели свидетельствуют о структурной проблеме: рост уровня доходов граждан не успевает за темпами роста экономики. «В настоящее время правительство разрабатывает комплексные меры по повышению доходов населения. Предусматриваются финансовые, налоговые и иные стимулирующие меры по повышению заработной платы, увеличению рабочих мест с достойным уровнем оплаты труда, развитию профессиональных навыков и квалификации, а также снижению финансовой нагрузки для граждан», – подчеркнул Олжас Бектенов.

Отмечено, что доля заработной платы в валовом внутреннем продукте составляет 31%. Для Центральной Азии это высокий показатель, однако в развитых странах он достигает 40% и выше. Именно на этот уровень ориентируется правительство в среднесрочной перспективе. При этом было подчеркнуто, что темпы роста заработных плат отстают от динамики прибыли бизнеса, которая формируется как за счет собственной деятельности компаний, так и благодаря

мерам государственной поддержки. Такая ситуация, по оценке правительства, требует системного вмешательства.

Основным приоритетом правительства на 2026 год обозначен рост реальных доходов населения. Достичь этого планируется за счет внедрения системных мер, направленных на создание новых производств, развитие предпринимательских инициатив и открытие постоянных рабочих мест с устойчивой занятостью. «Отдельное внимание на заседании было уделено вопросам цифровизации экономики. В рамках объявленного года государства Года цифровизации, отраженного в послании народу Казахстана, поставлена задача внедрения передовых технологий и искусственного интеллекта во все сферы экономики и построения цифрового государства», – отметили в пресс-службе кабинета Казахстана.

Вместе с тем, было признано, что практическая реализация этих задач пока остается недостаточной. В реальном секторе экономики цифровизация находится на ранней стадии, а отраслевые базы данных до сих пор не полностью сформированы. Это, по оценке правительства, сдерживает рост производительности и, как следствие, доходов работников.

Решением обозначенных проблем должна стать стратегия «Digital Qazaqstan», разработанная правительством. Она призвана объединить все цифровые инициативы в единую общенациональную программу и ускорить технологическую трансформацию экономики. Ожидается, что цифровизация станет одним из ключевых факторов роста зарплат и повышения качества жизни граждан в ближайшие годы.

Жазира САМАТ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

# Өңірде «Ауыл аманаты» бағдарламасының басым бағыттары айқындалды

Қарағанды облысында 2026 жылға арналған «Ауыл аманаты» агроөнеркәсіптік кешенін жеңілдетілген несиелеу бағдарламасын іске асырудың басым бағыттары талқыланды. Семинар Өңірлік кәсіпкерлер палатасының алаңында «Сарыарқа» ӘКК, ауыл шаруашылығы басқармасы және бизнес қауымдастық өкілдерінің қатысуымен өтті.

Бағдарлама жылдық 2,5 % мөлшерлемесінің арқасында ауыл кәсіпкерлігін қолдаудың негізгі құралдарының бірі болып қала береді.

«2023 жылы қаржыландыру көлемі 3,4 млрд теңгені құрап, 464 несие берілді. 2025 жылы қолдауға қосымша 2 млрд теңге бөлінді. Қарқаралы, Ақтоғай және Бұқар жырау аудандары жоғары белсен-

ділік танытты. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы кооперативтеріне инвестиция көлемі артқаны байқалады», – деді «Сарыарқа» ӘКК» АҚ төуекел-менеджері Асет Ертісбаев.

Быыл қаржыландырудың негізгі кезеңі 2026 жылдың сәуір айына жоспарланған, жобалар қарауға ұсынылып қойды. Ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Берік Токмурзиннің айтуынша, басым бағыттардың қатарында ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу, ауылдық сервис және туризм бар. Монокалалардағы бизнеске де қаражат қарастырылған.

Сонымен қатар несиелер саудаға, жеңіл автокөлік сатып алуға немесе малды жақын туыстарынан сатып алуға берілмейді.

Техника мен жабдықтар тек жаңа болуы тиіс.

Кездесу барысында кәсіпкерлер өзекті мәселелерін көтерді. Кепілдік мүлкі жеткіліксіз азаматтарға «Даму» қоры арқылы кепілдік алу мүмкіндігі бар екені еске салынды. Қор несие сомасының 85 пайызына дейін кепілдік бере алады.

Қосымша практикалық семинар өткізу туралы шешім қабылданды. Аграрлық қызметкерге өтінімдерді дайындауға көмек көрсетіледі. Кеңестер Кәсіпкерлер палатасының барлық аудандық филиалдарында қолжетімді.

**Қарағанды облысы Кәсіпкерлер палатасының баспасөз қызметінің мәліметі бойынша**

СЕЛЬСКОЕ ХОЗЯЙСТВО

# В регионе определили приоритеты программы «Ауыл аманаты»

В Карагандинской области обсудили приоритеты реализации программы льготного кредитования АПК «Ауыл аманаты» на 2026 год. Семинар прошёл на площадке Региональной палаты предпринимателей с участием представителей СПК «Сарыарқа», управления сельского хозяйства и бизнес-сообщества.

Программа остаётся одним из ключевых инструментов поддержки сельского бизнеса благодаря ставке 2,5 % годовых.

«В 2023 году финансирование составило 3,4 млрд тенге, было выдано 464 займа. В 2025 году на поддержку выделено ещё 2 млрд тенге. Наибольшую активность показали Каркаралинский, Ақтоғайский и

Бухар-Жырауский районы. При этом отмечается рост инвестиций в сельскохозяйственные кооперативы», – сказал риск-менеджер АО «СПК «Сарыарқа» Асет Ертысбаев.

В этом году основной этап финансирования намечен на апрель 2026 года, и проекты уже представлены на рассмотрение. Как сообщил заместитель руководителя управления сельского хозяйства Берик Токмурзин, в числе приоритетных направлений – переработка сельхозпродукции, сельский сервис и туризм. Предусмотрены средства для бизнеса в моногородах.

При этом кредиты не выдаются на торговлю, покупку легковых автомобилей или приобретение скота у близких родственников. Техника

и оборудование должны быть только новыми.

На встрече предприниматели рассказали об имеющихся проблемах. Тем, кому не хватает залогового имущества, напомнили о возможности получения гарантии через фонд «Даму», который может покрыть до 85 % суммы кредита.

Решено провести дополнительный практический семинар. Аграрии помогут подготовить заявки. Консультации доступны во всех районных филиалах Палаты предпринимателей.

**По информации пресс-службы Палаты предпринимателей Карагандинской области**

ҚЫЛМЫС

# Алаяқтармен әңгімелесудің қаупі қандай?

Сарапшылардың айтуынша, алаяқтар көбіне банк жүйесін немесе қауіпсіздік тетіктерін емес, адамның өзін «бұзуға» тырысады. Алғашқы қоңырау кезінде олар болашақ құрбаны туралы көбірек білу үшін өзіндік «барлау» жүргізеді.

Бірнеше ауыз сөздің өзі қылмыскерлерге сіздің қысымға қалай жауап беретінін, шешімді қаншалықты тез қабылдайтыныңызды, «банк», «полиция», «қарыз», «несие» деген сөздерден сескенесіз бе, әңгімені жалғастыруға дайынсыз ба, эмоцияға қаншалықты тез берілетінін аңғаруға жеткілікті. Олар үшін жауаптың мазмұны емес, ең бастысы – сіздің телефоны көтеріп, әңгімені жалғастыруыңыз. Бұл – алаяқ үшін «байланыс орнатылды» деген белгі. Демек, бұл нөмірмен әлі де «жұмыс істеуге» болады, қайта хабарласуға тұрарлық.

Кей жағдайда алаяқтарға телефон нөмірінің белсенді екенін, адамның интернет-банкингті пайдаланатынын және қасында әңгімені тоқтататын ешкім жоқ екенін анықтаудың өзі жеткілікті. Келесі жолы олар банк қызметкері, қауіпсіздік қызметінің өкілі немесе таныс адам болып хабарласуы мүмкін. Әрекеттері бұрынғыдан да сенімді, қисынды көрінеді, өйткені олар сізбен бастапқы байланыс орнатып, сөз бен дауыс ырғағын ыңғайына қарай таңдауға мүмкіндік алған.

«Жеткізу үшін 300 тенге», «тексеру үшін 1000 тенге» сияқты аз мөлшердегі қаржының есеппен шығарылуы – көбіне алаяқтардың сұнақ әрекеті», – дейді мамандар.

Мұнда адамның қанша ақша жоғалтқаны емес, ол мұны байқап, банкке хабарласты ма, әлде «аз ғана сома ғой» деп мән бермей қалды ма – сонысы маңызды.

Егер адам еш әрекет жасамаса, бұл алаяқтарға «жалғастыра беруге болады» деген белгі. Көбіне шағын сомадан кейін қайта-қайта ақша шешу, жасырын жазылымдар, жалған «қайтарымдар» (шындығында – жаңа аударымдар), тіпті жәбірленушінің атына несие рәсімдеуге әрекет жасау жағдайлары кездеседі.

Бұдан бөлек, алаяқтар абоненттің дауысын басқа қылмыстық схемаларда да пайдалануы мүмкін. Мәселен, туыстарына хабарласып, алдап-арбау арқылы ақша талап етуі ықтимал.

Мамандар алаяқтармен сөйлеспеуге, тіпті қалжыңдаспауға кеңес береді. Кез келген күмәнді қоңырау немесе хабарлама түскен жағдайда:

- әңгімені бірден тоқтату;
- банктің ресми нөміріне өзіңіз қайта хабарласу;
- күдік туған жағдайда банк картасын бұғаттау;
- барлық операциялар мен хабарламаларды мұқият тексеру;
- мұндай жағдайды міндетті түрде жақындарыңызбен талқылау қажет.

Сақ болыңыз. Өзіңізді және жақындарыңызды қорғаңыз.

**Өз тілшімізден**

ҚОҒАМ

# ХҚКО баруды кейінге қалдырмаған жөн

**Зейнетақы рәсімдеу кезінде ХҚКО-ға баруды неге кейінге қалдырмау керек?**

Зейнет жасына толған қазақстандықтар базалық және ортақ (ынтымақты) зейнетақыны мемлекеттік бюджеттен тағайындау, сондай-ақ Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан (БЖЗК) төлемдерді рәсімдеу үшін тұрғылықты жері бойынша ХҚКО-ға уақытылы жүгінугі қажет. Бұл туралы қордың баспасөз қызметі хабарлады. Құжаттарды зейнет жасына толуға 10 күн қалғанда тапсыруға болады.

«Зейнетақы төлемдерінің барлық түрі өтініш берілген күнен бастап жүзеге асырылады. Өтініш берілген күн болып, алушы зейнет жасына жеткен жағдайда, ХҚКО-да өтініш пен қажетті құжаттар тіркелген күн есептеледі. Егер азамат ертерек жүгінсе, онда өтініш берілген күн ретінде оның зейнет жасына толған күні саналады. Есте сақтау қажет: өткізіп алған кезең үшін мемлекеттік бюджеттен де, БЖЗК-дан да зейнетақы төлемдері тағайындалмайды», — деп хабарлады қор өкілдері.

Сондай-ақ бюджет есебінен төленетін зейнетақының рәсімдеу үшін де өтінішті уақытылы беру маңызды. Өйткені оны тағайындау барысында ұсынылған құжаттар негізінде еңбек өтілі тексеріледі.

Кейде бюджеттен зейнетақы рәсімдеген қарттар БЖЗК-дағы жинақтарын алу үшін жүгінуді ұмытып

жатады. Мұндай жағдайларды анықтау мақсатында қор жыл сайын «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының деректер базасымен салыстыру жүргізеді. Нәтижесінде төлемдер проактивті түрде, яғни зейнеткердің өтінішінсіз-ақ тағайындалады. Бұл жағдайда қаражат зейнетақыны жасына байланысты рәсімдеу кезінде ХҚКО-да көрсетілген банк деректемелеріне аударылады.

БЖЗК-дан төленетін зейнетақы жинақтар толық таусылғанға дейін жүзеге асырылады.

Қор өкілдері зейнетақы төлемдері делдалсыз және комиссиясыз рәсімделетінін, БЖЗК қызмет көрсеткені үшін ақы алмайтынын да еске салды. Мемлекеттік органдардың, банкірдің, құқық қорғау құрылымдарының, байланыс операторларының және БЖЗК қызметкерлері ешқашан телефон, электрондық пошта немесе мессенджерлер арқылы жеке деректерді, банк картасының реквизиттерін, SMS-қолдарды және өзге де құпия ақпаратты сұратпайды.

Зейнетақы мәселелері бойынша кеңесті +7 771 171 72 01 нөмірі арқылы WhatsApp және Viber чат-боттары арқылы, enp.kz ресми сайтынан, сондай-ақ БЖЗК-ның әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларынан алуға болады.

**Жазира САМАТ**

**Хабарландыру**

«Қарағанды жолдары» ЖШС «Қарағанды облысы, Абай ауданы жерінде орналасқан Құлаайғыр кен орнында шөгінді жыныстарды (құрылыс тастарын) өндіру бойынша тау-кен жұмыстарының жоспары» (ҚОҚБ, РІШН, ӨЭББ, ҚББ, ШШЖ) жобасы бойынша қоршаған ортаға әсер етуге экологиялық рұқсат алуға өтінім беру материалдары бойынша ашық жиналыс тыңдауларға өткізілетінін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 06 сәуірде сағат 12.00-де Қарағанды облысы, Абай ауданы, Құлайғыр ауылдық округі, Құлайғыр ауылы, Бейбітшілік көшесі, 1а, Мәдениет үйі мекенжайы бойынша өтеді.

Жоспарланған іс-әрекеттің әсер ету аймағы: Қарағанды облысы, Абай ауданы, Құлайғыр ауылдық округі.

Объектінің орналасу координаттары: 1 нүкте: солтүстік ендік 49°27'31,61"; шығыс бойлық 72°54'51,40"; 2 нүкте: солтүстік ендік 49°27'50,95"; шығыс бойлық 72°54'47,39"; 3 нүкте: солтүстік ендік 49°27'51,05"; шығыс бойлық 72°54'59,08"; 4 нүкте: солтүстік ендік 49°27'31,60"; шығыс бойлық 72°54'58,97".

Әсер ету аумағының орналасу координаттары: 49°25'38" С. 72°55'36" Ш.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу мерзімі бес жұмыс күнінен аспайды. Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады.

ZOOM платформасында тыңдауларға қатысу үшін онлайн қосылуға

**Объявление**

ТОО «Қарағанды жолдары» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по Материалам к заявке на получение экологического разрешения на воздействие по проекту «План горных работ по добыче осадочных пород (строительного камня) на месторождение «Құлаайғыр», расположенного на землях Абайского района Карагандинской области (РООС, НДВ, ППЭК, ПУО, ППМ).

Общественные слушания состоятся 06 апреля 2026 года в 12.00 ч. по адресу: Карагандинская область, Абайский район, Кулайгырский сельский округ, с.Кулайгыр, ул.Бейбітшілік, д.1а, Дом культуры.

Территория воздействия, на которую будет иметь воздействие намечаемая деятельность: Карагандинская область, Абайский район, Кулайгырский сельский округ.

Координаты расположения объекта: 1 точка: северная широта 49°27'31.61"; восточная долгота 72°54'51.40"; 2 точка: северная широта 49°27'50.95"; восточная долгота 72°54'47.39"; 3 точка: северная широта 49°27'51.05"; восточная долгота 72°54'59.08"; 4 точка: северная широта 49°27'31.60"; восточная долгота 72°54'58.97".

Координаты расположения территории воздействия: 49°25'38" с. ш. 72°55'36" в. д.

Срок проведения общественных слушаний не превышает пять последовательных рабочих дней.

Регистрация участников ведется при предъявлении документа, удосто-

сiлтеме: <https://us06web.zoom.us/j/6968277100?pwd=dWcwM2ZaXBQY1RiV3BOVmlkSWlvdz09&omn=84033243743>. Конференция идентифика- торы: 696 827 7100. Қатынас коды: хх4uvN.

Жоспарланған іс-шараның бастамашысы: «Қарағанды жолдары» ЖШС, БСН: 040440000219. Заңды мекенжайы: Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Пригоды көшесі, құрылыс 55/3, e-mail: zholdary@mail.ru, тел: +7 701 088 2808. Басқарма Төрағасы Мухажанов А.Б.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Сарыарқа ЗемГеоПроект» ЖШС, БСН: 140640013249, мекенжайы: Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 25, 404/1-офис, «Өркен» іскерлік орталығы, тел.: 8-7172-72-50-45, +7 701 446-66-24, өкілі Ашимов А.Т.

Жоба бойынша құжаттама <https://ndbecology.gov.kz> порталында орналастырылған

Жоспарланған іс-шаралар туралы ақпарат алуға және құжаттардың көшірмесімен танысуға болатын байланыс телефондары: e-mail: ksk\_13@inbox.ru, тел.: 8 (701) 446-66-24.

Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Қарағанды қаласы, Лобода көшесі, 20, expertiza.upr\_krg@mail.ru мекенжайы бойынша қабылдайды. Байланыс телефондары: 8 (7212) 56-81-66.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Қарағанды жолдары», БИН: 040440000219. Юридический адрес: Карагандинская область, г.Караганды, ул.Пригоды, строение 55/3, e-mail: zholdary@mail.ru, тел: +7 701 088 2808. Председатель Правления Мухажанов А.Б.

Разработчик проектной документации: ТОО «Сарыарқа ЗемГеоПроект», БИН: 140640013249. Юридический адрес: г. Астана, ул. Бейбитши- лик, 25, офис 404/1, Деловой центр «Өркен», тел.: 8-7172-72-50-45, +7 701 446-66-24, представитель Ашимов А.Т.

Документация по проекту размещена на портале <https://ndbecology.gov.kz>.

Контакты, по которым можно получить информацию о намечаемой дея- тельности, и ознакомиться с копией документов: e-mail: ksk\_13@inbox. ru, тел.: 8 (701) 446-66-24.

Замечания и предложения заинтересованной общественности прини- мает ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природополь- зования Карагандинской области» по адресу: г.Караганда, ул.Лободы 20, expertiza.upr\_krg@mail.ru. Контакты: 8 (7212) 56-81-66.

Участникам ТОО «Кредитное товарищество «Қаржыгер»

**Извещение о проведении очередного ежегодного общего собрания участников ТОО «КТ «Қаржыгер»**

В соответствии с пунктом 1 статьи 8 Закона РК «О кредитных товариществах», ТОО «Кредитное товари- щество «Қаржыгер», извещает Вас о проведении оче- редного ежегодного общего собрания участников кото- рое состоится 16 марта 2026 года в 11 часов 00 минут по времени Астаны, в конференц-зале гостиницы «Reikartz Dostar Karaganda» (ранее «Достар-Әлем») расположен- ного по адресу: Карагандинская область, г. Караганда, пр. Стронтелей, 28.

Предлагаемая повестки дня:

1. Об утверждении отчета Председателя Правле- ния ТОО «КТ «Қаржыгер» за 2025 год;
2. Об ознакомлении и утверждении отчета ревизи- онной комиссии КТ за 2025 год;
3. Об утверждении годовой финансовой отчетно- сти ТОО «КТ «Қаржыгер» за 2025 год;
4. Об утверждении бюджета ТОО «КТ «Қаржыгер» на 2026г;
5. Об избрании нового состава Правления ТОО «КТ «Қаржыгер»;
6. Об избрании ревизора либо нового состава ре- визионной комиссии;
7. Об уменьшении размера уставного капитала ТОО «КТ «Қаржыгер»;
8. Об утверждении Устава ТОО «КТ «Қаржыгер» в новой редакции, с наделением полномочиями Предсе- дателя Правления подписать Устав от имени всех участ- ников и произвести регистрацию в уполномоченном ре- гистрирующем органе;
9. Об утверждении лимита кредитования участни- ков товарищества.

**С уважением, Председатель Правления М. Мейраұмұлы**

## СПОРТ

## Зимние Олимпийские игры 2026: Казахстан – золото и новые рекорды

На XXV зимних Олимпийских играх, проходивших с 6 по 22 февраля 2026 года в Милане и Кортина-д'Ампеццо, сборная Казахстана продемонстрировала исторический результат, завоевав первую золотую медаль в фигурном катании.

В Играх приняли участие 2917 спортсменов из 94 стран. Было разыграно 116 комплектов медалей в 16 видах спорта. Казахстан представляли 36 атлетов (18 мужчин и 18 женщин), выступившие в 10 дисциплинах, включая фигурное катание, конькобежный спорт, шорт-трек, фристайл и прыжки на лыжах с трамплина. В состав команды вошли спортсмены из 11 регионов страны – это один из самых представительных составов в истории зимних Олимпиад для Казахстана.

Главным достижением стало выступление Михаила Шайдорова, который 13 февраля завоевал золотую медаль в одиночном фигурном катании.

Это:


- первая золотая награда Казахстана на зимних Олимпийских играх за 32 года;
- первая в истории страны золотая медаль в фигурном катании.

Ранее единственной олимпийской медалью Казахстана в этой дисциплине оставалась бронза Денис Тен на Зимних Олимпийских играх 2014.

Сборная Казахстана заняла 19-е место в общекомандном зачете, опередив ряд европейских сборных. Это лучший показатель страны с 1994 года, когда национальная команда также входила в число двадцати сильнейших.

Высокие результаты были показаны и в других дисциплинах:

- Софья Самоделкина заняла 10-е место в женском одиночном фигурном катании;
- Надежда Морозова стала 6-й на дистанции 3000 метров в конькобежном спорте – лучший результат страны на этой дистанции с 1998 года;
- Илья Мизерных занял 8-е место в прыжках на лыжах с трамплина;
- Денис Никиша показал 7-й резуль-



**Михаил Шайдоров**  
мәнерлеп сырғанаудан  
алтын медаль

тат на дистанции 500 метров в шорт-треке; – два казахстанских спортсмена вошли в десятку сильнейших в дисциплине фристайл-могул.

Выступление национальной сборной продемонстрировало рост конкурентоспособности казахстанских спортсменов на международной арене. Итоги Олимпиады подтверждают позитивную динамику развития зимних видов спорта и эффективность

системной подготовки атлетов.

Эксперты отмечают, что при сохранении инвестиций в спортивную инфраструктуру и подготовку молодежи страна может рассчитывать на дальнейший прогресс.

Олимпиада-2026 стала для Казахстана символом нового этапа в истории зимнего спорта – этапа уверенных побед и амбициозных целей.

**Жазира САМАТ**

## КНИЖНАЯ ПОЛКА

## Голоса нового поколения: в библиотеке – большая премьера молодых авторов

Литературная карта Казахстана стремительно обновляется, открывая новые имена и новые смыслы. В Библиотека-филиал №3 города Абай состоялась своеобразная премьера – на полки читального зала поступили книги молодых казахстанских авторов, чье творчество уже активно обсуждается в литературной среде. Это не просто пополнение фонда, а заметное культурное событие для города.

Современная казахстанская литература сегодня – это смелое сочетание национальных традиций и поиска новой идентичности. В серии «Казахстанцы: эдеби-танымдық панорамасы» представлены произведения авторов, которые формируют лицо литературного поколения XXI века: Нұрбек Нұржан, Асылан Куанышұлы, Тілеубек Батыс, Сафина Ақтай, Темірлан Қылышбек и Феруза Мәдениет.

Творчество молодых авторов охватывает широкий жанровый диапазон – от философской прозы до исторических романов и произведений для детей. Так, Нұрбек Нұржан в сборнике «Бесінші қабаттағы үй» предлагает читателю размышления о вечной борьбе добра и зла, раскрывая внутренний мир современного человека. Асылан Куанышұлы в книге «Кішкентай» обращается к юной аудитории, создавая трогательные рассказы и эссе, понятные и близкие каждому.

Особый интерес вызывает проза Тілеубека Батыса «Сал көкше», где автор тонко работает с темой исторической памяти и духовных корней. Сафина Ақтай в романе «Ганин» поднимает сложную и важную тему депортации поволжских немцев, раскрывая трагические страницы истории через судьбы конкретных людей. Психологической глубиной и искренностью отличаются произведения Темірлана Қылышбека

«Тырнарлар мекені» и роман Ферузы Мәдениет «Аққалқам», в которых современность осмысливается через личные переживания героев.

Новые книги представлены как на казахском, так и на русском языках, что отражает многообразие культурной среды нашей страны. В этих произведениях звучат мотивы бескрайней степи и дыхание больших городов, традиционные ценности и вызовы нового времени.

Читатели уже отмечают не только содержательную насыщенность, но и эстетическое оформление изданий. Современный дизайн, качественная полиграфия, продуманная структура делают книги привлекательными для молодежи. Все чаще молодые люди выбирают отечественных авторов, находя в их героях отражение собственных мыслей, сомнений и стремлений.

Библиотека-филиал №3 города Абай приглашает всех ценителей литературы познакомиться с новыми именами и открыть для себя свежий взгляд на привычные темы. Ведь чтение – это диалог с эпохой, возможность лучше понять время, в котором мы живем, и самих себя.

**Светлана СУЛЕЙМЕНОВА,**  
старший библиотекарь филиала  
№3 города Абай

## МЕРЕЙЛІ МЕРЕКЕ

## Алғыс айту – асыл қасиет

1 наурыз – Алғыс айту күніне орай Абай ауданының орталық кітапханасы қабырғасында тағылымды іс-шара ұйымдастырылып, оқырмандар мен ұстаздар, оқушылар бас қосты. Кездесуде мерекенің тарихи мәні мен рухани мазмұны кеңінен талқыланып, ел бірлігі мен татулығын нығайтудың маңызы сөз болды.

Абай ауданының орталық кітапханасы төрінде 1 наурыз – Алғыс айту күніне арналған тағылымды іс-шара өтті. Мәдениет пен руханияттың ордасына айналған кітапхана қабырғасында оқырмандар, ұстаздар мен оқушылар бас қосып, мерекенің тарихи мәні мен рухани салмағын кеңінен талқылады.

2016 жылдан бері аталып өтіп келе жатқан бұл күн – ел ішіндегі татулық пен өзара құрметтің, сенім мен бірліктің жарқын көрінісі. Алғыс айту күні Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылған күнмен тұспа-тұс келуі – оның мазмұнын тереңдете түсетін маңызды белгі. Бұл – сан түрлі этнос өкілдері мекен еткен еліміздің бейбіт өмірі мен ынтымағын айшықтайтын мереке.



Кітапхана төрінде өткен жиында жүргізушілер өткен ғасырдың зобалаң жылдарына тоқталып, түрлі себептермен қазақ жеріне еріксіз қоныс аударған ұлт өкілдерінің тағдырын еске алды. Қиын-қыстау кезеңде бір үзім нанын бөлісіп, жатты жатсынбай бауырына басқан қазақ халқының

дархан мінезі мен кеңпейілділігі жас ұрпаққа өнеге ретінде айтылды. Адамгершілік пен мейірімге негізделген осы қасиеттер бүгінгі тәуелсіз елдің тұғырын бекемдей түсті.

Іс-шара барысында бейнероликтер көрсетіліп, мерекенің шығу тарихы мен мазмұны кеңінен та-

ныстырылды. Қатысушылар алғыс айтудың адам өміріндегі орны, оның жүрекке жылу сыйлайтын құдіреті туралы ой бөлісті. «Алғыс айту күні – достықтың, мейірімділіктің және азаматтық бірліктің мерекесі. Бұл күні адамдардың бір-біріне ризашылық білдіруі – кемел келешекке бастар қадам», – деп атап

өтті ұйымдастырушылар.

Кездесу аясында ел тарихындағы тағылымды деректер де қозғалды. Соның бірі – «тас болып атылған – ақ алтын» атанған ұлттық тағамымыз құрт жайлы Гертруда есімді ананың естелігі. Ашаршылық пен жоқшылық жайлаған заманда құрттың талай жанның өмірін сақтап қалғаны, оның тек ас емес, үміт пен жанашырлықтың нышанына айналғаны әсерлі баяндалды.

Іс-шараның тәрбиелік мәні ерекше болды. Оқушылар «Алғыс айту тақтасына» жүрекжарды тілектерін жазып, ата-анасына, ұстаздары мен бапкерлеріне деген шынайы лебіздерін білдірді. Кештің ең толқытқан сәті – балалардың сол жерде аталарына, ұстаздарына қонырау шалып, алғыстарын жеткізуге еді. Күтпеген жерден естіген жылы сөздер үлкендердің де, балалардың да көңілін босатып, жүректерін елжіретті. Бұл сәт ризашылықтың адам жанына қаншалықты қуат беретінін айқын аңғартты.

Алғыс айту күні – тек күнтізбедегі атаулы дата емес. Бұл – өткеннің ауыр белестерін бірге еңсерген ата-бабаларымыздың ерлігіне тағзым ету, Тәуелсіз Қазақстанды құру жолында аянбай еңбек еткен азаматтарға құрмет білдіру күні. Бір ауыз «рақмет» сөзі – адамдар арасындағы сенімді нығайтып,

сыйластықты арттыратын сиқырлы күш.

Мереке соңында ұйымдастырушылар қатысушыларға шексіз ризашылықтарын білдіріп, тәтті кәмпірттер мен естелік ашық хаттар таратты. Бұл шағын ғана сыйлықтар – үлкен құрметтің, ықыластың белгісі.

Қорыта айтқанда, Алғыс айту – асыл қасиет. Ризашылық бар жерде – береке бар. Ынтымақ пен бірлік салтанат құрған қоғамда ғана болашақ баянды болмақ. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, жүректен шыққан сөзді аяп қалмай, айналымға алғыс айтып жүру – әрқайсымыздың азаматтық парызымыз.

Алғыс айту күні – өткенге тағзым, бүгінге шүкір, ертеңге сенім ұялататын ерекше мереке. Ризашылық пен құрмет салтанат құрған қоғамда бірлік бекем, болашақ баянды болмақ. Бір ауыз жылы сөздің өзі жүректерді жақындатып, адамдар арасындағы сенімді арттырады. Сондықтан алғыс айту – тек мерекелік рәсім емес, күнделікті өмір салтымызға айналуы тиіс асыл қасиет.

**Қадиша ШЕРМАТОВА,**  
Орталық кітапхананың  
кітапханашысы

Директор – Құрманғазы ӨТЕБАЙ,  
Редактор – Гүлбаршын ЖҰМАХАНОВА

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 22.11.2006, 8023-Г  
Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің  
Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде  
2025 жылдың 9 қаңтарында № KZ88VPY00109510 қайта есепке қою куәлігімен  
тіркелген.

Меншік иесі: «Аудандық  
«Абай-Ақиқат» газетінің редакциясы» ЖШС  
Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын  
білдірмейді.

Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама  
беруші жауап береді.

Опубликованные материалы не всегда отражают точку зрения редакции.  
Ответственность за содержание рекламного текста несут сами  
рекламодатели.

Газетте жарияланған материалды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

При использовании материалов в СМИ ссылка на «Абай-Ақиқат»  
обязательна.

Хат жазып, хабарласыңыз.  
Мекен-жайымыз:  
Қарағанды облысы, Абай қаласы,  
3 ықшам аудан, №43 үй.  
Телефон (Whatsapp),  
8-(775)-5483523,  
эл. пошта:  
barshin-js@mail.ru

Пишите, звоните.  
Наш адрес:  
Карагандинская область, город Абай,  
3 мкрн, д. 43.  
Телефон (Whatsapp),  
8-(775)-5483523  
эл. почта:  
barshin-js@mail.ru

Газет редакцияда төріліп, беттеліп,  
«Арқо» ЖШС баспаханасында басылды:  
Қарағанды қаласы, Сәтбаев көшесі 15. Аптасына 1 рет  
шығады  
Таралымы 2000 дана.  
Тапсырыс 1.  
Көлемі 2 баспа табақ